

**"Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын және Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 29 тамыздағы № ҚР ДСМ-122 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 29 тамызда № 19315 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 13.11.2020 № ҚР ДСМ-194/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 45-бабының 4-1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын және Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 маусымда № 11268 тіркелді, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 22 маусымда жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. МСАК-ты учаскелік терапевттер, педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер, денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер мен медициналық мейіргерлер:

1) МСАК көрсететін денсаулық сақтау ұйымында немесе оның бөлімшелерінде;

2) орны бойынша шығу бойынша, оның ішінде үйдегі стационар жағдайында;

3) медициналық ұйымнан едәуір алыста орналасқан және (немесе) климаттық-географиялық жағдайларды ескере отырып, көлік қолжетімділігі

нашар елді мекендердегі жергілікті жерге шыға отырып, жылжымалы медициналық кешендерде, консультативтік-диагностикалық пойыздарда;

4) білім беру ұйымдарында;

5) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып дистанционды көрсетеді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бекітілген тұрғындар саны бір жалпы практика дәрігеріне 1700 адам аралас тұрғындар, учаскелік терапевт 2200 адам, учаскелік педиатр 6 жасқа дейін 500 бала, 14 жасқа дейін 900 баладан аспайды.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес адамдар МСАК ұйымына өтініштердің себептері бойынша жүгінеді.

Пациент жіті ауруына (жай-күйі) немесе созылмалы ауруының асқынуына байланысты жүгінген жағдайда МСАК ұйымдарының мамандары клиникалық хаттамаларға сәйкес зерттеп-қарау мен тексеру әдістерін айқындайды.

Амбулаториялық емді анықтаған және емдік шараларды тағайындаған жағдайда пациентке "Рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 373 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11465 болып тіркелген) дәрілік заттарға рецепт жазады және МСАК ұйымының емшара кабинетіне жолдама береді. Амбулаториялық емнің тиімділігін және оған түзету енгізуді емдеуге жолдама берген МСАК дәрігері жүргізеді.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. МСАК ұйымында үйге бару арқылы мынадай қызметтер жүргізіледі:

патронаж;

пациентке белсенді бару;

үйге шақырту;

үй жағдайындағы стационар;

3 деңгейдегі медициналық реабилитация;

отбасын жоспарлау, жүктілікті қауіпсіз ұзу, ұрпақты болу денсаулығын сақтау мәселелері бойынша қызметтер;

салауатты өмір салты бойынша іс-шаралар;

медициналық-әлеуметтік қолдау

психологиялық қолдау;

рецепт жазу;

паллиативтік мобильді бригаданың шығуы.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Патронаж:

- 1) 5 жасқа дейінгі балаларға, оның ішінде жаңа туған нәрестелерге;
  - 2) жүкті және босанған әйелдерге;
  - 3) өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қауіп төндіретін медициналық немесе әлеуметтік сипаттағы қауіп анықталған 5 жасқа дейінгі балалар, жүкті немесе босанған әйелдері бар отбасыларды байқау кезінде;
  - 4) қозғалысы шектелген кезде асқынудан тыс созылмалы аурулары бар пациентке;
  - 5) паллиативтік көмекке мұқтаж пациенттерге жүргізіледі.";
- 38-тармақ алып тасталсын;
- 40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Осы қызмет түріне аттестатталған медициналық білімі бар мамандарды (дәріхана объектілері жоқ елді мекендердегі дәрігерлік амбулаторияларды, медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттерді) қоспағанда, МСАК ұйымдарының медицина қызметкерлерінің дәрілік заттар беруіне жол берілмейді."

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларының 6-қосымшасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында динамикалық байқауға жататын аурулардың тізбесі"

- 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
- 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
- 3-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
- 4-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
- 6-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына бекіту қағидаларында:

2-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) сақтандыру ұйымы – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау бойынша уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде медициналық сақтандыру шарттарын жасасу және орындау қызметін асыратын заңды тұлға.";

10-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сақтандырушы мен сақтандыру ұйымының арасында жасалған ерікті медициналық сақтандыру шарты бойынша (бұдан әрі - ЕМС шарты), оның шеңберінде МСАК ұйымы сақтандырылған тұлғаға медициналық қызмет көрсетеді;"

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Осы Қағидалардың 10-тармағының 4) тармақшасына сәйкес бекітілген тұлға ЕМС шарты шеңберінде медициналық көмек көрсететін МСАК ұйымынан МСАК алады."

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Биртанов

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2019 жылғы 29 тамыздағы  
№ ҚР ДСМ-122 бұйрығына  
1-қосымша  
Медициналық-санитариялық  
алғашқы көмек көрсету  
қағидаларына  
1-қосымша

**Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің медицина қызметкерлері (фельдшер, акушер, орта және/немесе жоғары медициналық білімі бар мейіргер) көрсететін медициналық қызметтердің тізбесі**

| №<br>р/с | Қызметтердің<br>коды | Қызметтердің атауы                                                                    |
|----------|----------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.       | A01.008.000          | Амбулаториялық картасына жаза отырып өз бетінше қабылдау және қарап-тексеру: Фельдшер |
| 2.       | A01.008.002          | Аурулардың профилактикасы сұрақтары бойынша халықты оқыту: Фельдшер                   |
| 3.       | A01.008.003          | Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Фельдшер                                        |
| 4.       | A01.008.005          | Патронаж: Фельдшер                                                                    |
| 5.       | A01.008.007          | Активтер: Фельдшер                                                                    |
| 6.       | A01.008.008          | Қарау кабинетінде дәрігерге дейін қарап-тексеру: Фельдшер                             |
| 7.       | A01.008.009          | Ауыз қуысын профилактикалық қарап-тексеру: Фельдшер                                   |

|                                                   |             |                                                                                                                                                  |
|---------------------------------------------------|-------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 8.                                                | A01.008.010 | Тістерге және ауыз қуысының шырышты қабығына күтім жасау бойынша балаларды санитариялық-гигиеналық дағдыларға үйрету: Фельдшер                   |
| 9.                                                | A01.008.012 | Медициналық реабилитацияның кешенді қызметтері: Фельдшер                                                                                         |
| 10.                                               | A01.008.013 | Шұғыл медициналық көмек көрсету: Фельдшер                                                                                                        |
| 11.                                               | A01.009.000 | Амбулаториялық картасына жаза отырып өз бетінше қабылдау және қарап-тексеру: Жоғары білімі бар мейіргер                                          |
| 12.                                               | A01.009.002 | Аурулардың профилактикасы сұрақтары бойынша халықты оқыту: Жоғары білімі бар мейіргер                                                            |
| 13.                                               | A01.009.003 | Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Жоғары білімі бар мейіргер                                                                                 |
| 14.                                               | A01.009.005 | Патронаж: Жоғары білімі бар мейіргер                                                                                                             |
| 15.                                               | A01.009.007 | Активтер: Жоғары білімі бар мейіргер                                                                                                             |
| 16.                                               | A01.009.008 | Қарау кабинетінде дәрігерге дейін қарап-тексеру: Жоғары білімі бар мейіргер                                                                      |
| 17.                                               | A01.009.009 | Ауыз қуысын профилактикалық қарап-тексеру: Жоғары білімі бар мейіргер                                                                            |
| 18.                                               | A01.009.010 | Тістерге және ауыз қуысының шырышты қабығына күтім жасау бойынша балаларды санитариялық-гигиеналық дағдыларға үйрету: Жоғары білімі бар мейіргер |
| 19.                                               | A01.009.012 | Медициналық реабилитацияның кешенді қызметтері: Жоғары білімі бар мейіргер                                                                       |
| 20.                                               | A01.010.000 | Амбулаториялық картасына жаза отырып өз бетінше қабылдау және қарап-тексеру: Орта білімі бар мейіргер                                            |
| 21.                                               | A01.010.002 | Аурулардың профилактикасы сұрақтары бойынша халықты оқыту: Орта білімі бар мейіргер                                                              |
| 22.                                               | A01.010.003 | Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Орта білімі бар мейіргер                                                                                   |
| 23.                                               | A01.010.005 | Патронаж: Орта білімі бар мейіргер                                                                                                               |
| 24.                                               | A01.010.007 | Активтер: Орта білімі бар мейіргер                                                                                                               |
| 25.                                               | A01.010.008 | Қарау кабинетінде дәрігерге дейін қарап-тексеру: Орта білімі бар мейіргер                                                                        |
| 26.                                               | A01.010.009 | Ауыз қуысын профилактикалық қарап-тексеру: Орта білімі бар мейіргер                                                                              |
| 27.                                               | A01.010.010 | Тістерге және ауыз қуысының шырышты қабығына күтім жасау бойынша балаларды санитариялық-гигиеналық дағдыларға үйрету: Орта білімі бар мейіргер   |
| 28.                                               | A01.010.012 | Медициналық реабилитацияның кешенді қызметтері: Орта білімі бар мейіргер                                                                         |
| 29.                                               | A01.011.000 | Амбулаториялық картасына жаза отырып өз бетінше қабылдау және қарап-тексеру: Акушер                                                              |
| 30.                                               | A01.011.003 | Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Акушер                                                                                                     |
| 31.                                               | A01.011.005 | Патронаж: Акушер                                                                                                                                 |
| 32.                                               | A01.011.007 | Актив: Акушер                                                                                                                                    |
| 33.                                               | A01.011.008 | Қарау кабинетінде дәрігерге дейін қарап-тексеру: Акушер                                                                                          |
| 34.                                               | A01.011.013 | Жүкті әйелдерді және отбасы мүшелерін босануға дайындау мектебі: Акушер                                                                          |
| Зертханалық диагностика (дәрігерге дейінгі көмек) |             |                                                                                                                                                  |
| 35.                                               | B03.866.003 | Экспресс әдісімен несептің көрсеткіштерін (рН, лейкоциттер, эритроциттер, уробилиноген, нитриттер, ақуыз) анықтау                                |
| 36.                                               | B03.401.003 | Экспресс әдісімен қан сарысуындағы жалпы холестеринді анықтау                                                                                    |
| 37.                                               | B03.335.003 | Экспресс әдісімен қан сарысуындағы глюкозаны анықтау                                                                                             |
| 38.                                               | B03.486.003 | Экспресс әдісімен бойынша қан сарысуындағы триглицеридтерді анықтау                                                                              |
| 39.                                               | B03.517.003 | Экспресс әдісімен несептегі адамның хориондық гонадотропинін (ХГА) анықтау (жүктілікке арналған тест)                                            |
| 40.                                               | B03.103.003 | Экспресс әдісімен бойынша нәжістегі жасырын қанды (гемокульт-тест) анықтау                                                                       |

|                               |             |                                                                                                     |
|-------------------------------|-------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 41.                           | B03.860.003 | Экспресс әдісімен АИТВ-1,2-ға және антиген р24-ке сомалық антиденелерді анықтау                     |
| 42.                           | B03.861.003 | Экспресс әдісімен қан сарысуындағы Treponema Pallidum антиденелерді анықтау (мерезге эксперсс тест) |
| 43.                           | B03.862.003 | Экспресс әдісімен қан сарысуындағы С вирустық гепатитінің вирусына жиынтық антиденелерді анықтау    |
| 44.                           | B03.863.003 | Экспресс әдісімен қан сарысуындағы HBsAg анықтау                                                    |
| 45.                           | B03.870.003 | Экспресс әдісімен ұрықжанындағы судың болуына сүртіндіні зерттеу                                    |
| Ем-шаралар мен манипуляциялар |             |                                                                                                     |
| 46.                           | D99.291.004 | Аппликациялық анестезия                                                                             |
| 47.                           | D99.293.012 | Венадан қан алу                                                                                     |
| 48.                           | D99.296.013 | Саусақтан қан алу                                                                                   |
| 49.                           | D91.496.106 | Қынаптың тазалық дәрежесіне сүртінді алу                                                            |
| 50.                           | D91.496.105 | Онкоцитологияға сүртінді алу                                                                        |
| 51.                           | D91.911.013 | Микробиологиялық зерттеуге материал алу                                                             |
| 52.                           | D99.590.020 | Манту сынамасын жүргізу                                                                             |
| 53.                           | D99.590.021 | Диаскинтест жүргізу                                                                                 |
| 54.                           | D96.330.014 | Асқазанды шаю                                                                                       |
| 55.                           | D96.390.015 | Клизма                                                                                              |
| 56.                           | D93.891.018 | Үлкен жастағы пациентке мейіргер күтімін жасау рәсімдері                                            |
| 57.                           | D93.891.019 | Пациентті отбасы мүшелерін күтім жасау элементтері мен гигиенаға үйрету                             |
| 58.                           | D93.891.020 | Үйде төсекжараның профилактикасы және тазарту                                                       |
| 59.                           | D93.891.021 | Үйде таңу                                                                                           |
| 60.                           | D93.891.022 | Ауыр пациентті қырындыру, тырнағына және шашына күтім жасау                                         |
| 61.                           | D93.891.023 | Ауыр пациенттің ауыз қуысына күтім жасау                                                            |
| 62.                           | D93.891.024 | Ауыз-жұтқыншақтан сілемейді сору                                                                    |
| 63.                           | D93.891.025 | Оростомалар, эзофагостомаларкезіндегі құрал                                                         |
| 64.                           | D93.891.026 | Трахеостома кезіндегі құрал                                                                         |
| 65.                           | D93.891.027 | Назогастралдық сүңгіге, мұрын канюнялары мен катетерге күтім жасау                                  |
| 66.                           | D93.891.028 | Жоғарғы тыныс алу жолдарынан сілемейді сору                                                         |
| 67.                           | D93.891.029 | Мұрыннан сілемейді сору                                                                             |
| 68.                           | D93.891.030 | Фарингостома кезіндегі құрал                                                                        |
| 69.                           | D93.891.031 | Интраназалдық дәрілік препараттарды енгізу                                                          |
| 70.                           | D93.891.032 | Гастростома кезіндегі құрал                                                                         |
| 71.                           | D93.891.033 | Назогастралдық сүңгіге күтім жасау                                                                  |
| 72.                           | D93.891.034 | Ауыр пациентті гастростом арқылы тамақтандыру                                                       |
| 73.                           | D93.891.035 | Илеостома кезіндегі құрал                                                                           |
| 74.                           | D93.891.036 | Интестиналдық сүңгіге күтім жасау                                                                   |
| 75.                           | D93.891.037 | Ауыр пациентті интестиналдық сүңгі арқылы тамақтандыру                                              |
| 76.                           | D93.891.038 | Илеостомаға күтім жасауды үйрету                                                                    |
| 77.                           | D93.891.039 | Жуан ішектің стомалары кезінде құрал                                                                |
| 78.                           | D93.891.040 | Колостомаға күтім жасауды үйрету                                                                    |
| 79.                           | D93.891.041 | Ауыр пациенттің дефекациясы кезіндегі құрал                                                         |
|                               |             |                                                                                                     |

|      |             |                                                                                     |
|------|-------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| 80.  | D93.891.043 | Газ шығару түтігін қою                                                              |
| 81.  | D93.891.044 | Копролитті алу                                                                      |
| 82.  | D93.891.045 | Нәжісті ұстамау кезіндегі құрал                                                     |
| 83.  | D93.891.046 | Сифондық клизманы қою                                                               |
| 84.  | D93.891.047 | Қынаптың (пессария)қолдау сақинасын қою, алып тастау                                |
| 85.  | D93.891.048 | Сыртқы есту өтісіне күтім жасау                                                     |
| 86.  | D93.891.049 | Ауыр пациенттің көздеріне күтім жасау                                               |
| 87.  | D93.891.050 | Конъюнктивті қуысқа дәрілік заттарды инстилляциялау                                 |
| 88.  | D93.891.051 | Ауыр пациент несеп шығарған кездегі құрал                                           |
| 89.  | D93.891.052 | Несеп катетеріне күтім жасау                                                        |
| 90.  | D93.891.053 | Цистостомаға және уростомаға күтім жасау                                            |
| 91.  | D93.891.054 | Несепті ұстамаған кездегі құрал                                                     |
| 92.  | D93.891.055 | Ауыр пациенттің төсегін ауыстыру және/немесе жатқызу                                |
| 93.  | D93.891.056 | Ауыр пациентті мекеменің ішінде тасымалдау                                          |
| 94.  | D93.891.057 | Ауыр пациентті ауыз арқылы және/немесе назогастралдық сүңгімен тамақтандыру         |
| 95.  | D93.891.058 | Ауыр пациенттің төсек-орнын дайындау және ауыстыру                                  |
| 96.  | D93.891.059 | Ауыр пациенттің ішкімің және киімін ауыстыру бойынша құрал                          |
| 97.  | D93.891.060 | Ауыр пациенттің бұтаралық және сыртқы жыныс мүшелеріне күтім жасау                  |
| 98.  | D93.891.061 | Дренажға күтім жасау                                                                |
| 99.  | D93.891.062 | Дәрілік препараттарды парентералдық енгізу кезіндегі құрал                          |
| 100. | D93.891.063 | Төсекжараның дамуына қауіп дәрежесін бағалау                                        |
| 101. | D93.891.064 | Төсекжараның ауырлық дәрежесін бағалау                                              |
| 102. | D93.891.065 | Ауырсу қарқындылығын бағалау                                                        |
| 103. | D93.891.066 | Пациенттің отбасы мүшелерін төсекке жатқызу және/немесе ауыстыру техникасына үйрету |
| 104. | D93.891.067 | Пациенттің төсекте және/немесе креслода ауысуы кезінде өз-өзіне көмектесуіне үйрену |
| 105. | D93.891.068 | Пациентті балдақпен жүруге үйрету                                                   |
| 106. | D93.891.069 | Пациент қосымша тіректердің көмегімен жүруі кезінде өз-өзіне көмектесуіне үйрету    |
| 107. | D99.590.019 | Препараттың бағасынсыз вакцинациялау                                                |
| 108. | D97.311.050 | Тігістерді алу, лигатурларды алып тастау                                            |
| 109. | D02.001.008 | Тыныс алу гимнастикасы                                                              |
| 110. | D02.002.008 | Топтық ЛФК                                                                          |
| 111. | D02.003.008 | Жеке ЛФК                                                                            |
|      |             |                                                                                     |

|                                                                                                                   |             |                                                                                                                                                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 112                                                                                                               | D04.001.000 | Профилактикалық кабинеттерде, сауықтыру мектептерінде оқыту                                                                                        |
| 113                                                                                                               | D04.002.000 | Науқастар мен олардың отбасыларын созылмалы ауруларды басқару бағдарламаларына сәйкес өзін-өзі бақылау, өзін-өзі және өзара көмек көрсетуге үйрету |
| 114                                                                                                               | D04.003.000 | "Қызу желі" телефоны бойынша консультация                                                                                                          |
| Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің медицина қызметкерлері көрсететін ем-шара кабинеті қызметтердің тізбесі |             |                                                                                                                                                    |
| 115                                                                                                               | D99.590.022 | Бұлшықетішілік инъекциясы (дәрілік заттардың бағасын есептемегенде)                                                                                |
| 116                                                                                                               | D99.590.023 | Венаішілік инъекциясы (дәрілік заттардың бағасын есептемегенде)                                                                                    |
| 117                                                                                                               | D99.590.024 | Теріасты инъекциясы (дәрілік заттардың бағасын есептемегенде)                                                                                      |

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2019 жылғы 29 тамыздағы  
№ ҚР ДСМ-122 бұйрығына  
2-қосымша  
Медициналық-санитариялық  
алғашқы көмек көрсету  
қағидаларына  
2-қосымша

## **Медициналық-санитариялық алғашқы көмек дәрігерлері (жалпы практика дәрігері, учаскелік терапевт / учаскелік педиатр дәрігер) көрсететін медициналық қызметтердің тізбесі**

| № р/с | Қызметтердің коды | Қызметтердің атауы                                                                                       |
|-------|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.    | A01.001.000       | Қабылдау: Учаскелік терапевт                                                                             |
| 2.    | A01.001.002       | Пациентті сауықтыру жоспарын құру: Учаскелік терапевт                                                    |
| 3.    | A01.001.003       | Патронаж: Учаскелік терапевт                                                                             |
| 4.    | A01.001.004       | Актив: Учаскелік терапевт                                                                                |
| 5.    | A01.001.005       | Отбасын жоспарлау және жүктілікті қауіпсіз ұзу мәселелері бойынша консультация: Учаскелік терапевт       |
| 6.    | A01.001.006       | Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Учаскелік терапевт                                                 |
| 7.    | A01.001.007       | Пациенттің отбасының әлеуметтік статусын бағалауы: Учаскелік терапевт                                    |
| 8.    | A01.002.000       | Қабылдау: Учаскелік педиатр                                                                              |
| 9.    | A01.002.002       | Пациентті сауықтыру жоспарын құру: Учаскелік педиатр                                                     |
| 10.   | A01.002.003       | Патронаж: Учаскелік педиатр                                                                              |
| 11.   | A01.002.004       | Актив: Учаскелік педиатр                                                                                 |
| 12.   | A01.002.007       | Әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде пациенттің отбасының әлеуметтік статусын бағалауы: Учаскелік педиатр |
| 13.   | A01.003.000       | Қабылдау: Жалпы практика дәрігері                                                                        |
| 14.   | A01.003.002       | Пациентті сауықтыру жоспарын құру: Жалпы практика дәрігері                                               |

|                                         |             |                                                                                                                |
|-----------------------------------------|-------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 15.                                     | A01.003.003 | Патронаж: Жалпы практика дәрігері                                                                              |
| 16.                                     | A01.003.004 | Актив: Жалпы практика дәрігері                                                                                 |
| 17.                                     | A01.003.005 | Отбасын жоспарлау және жүктілікті қауіпсіз ұзу мәселелері бойынша консультация: Жалпы практика дәрігері        |
| 18.                                     | A01.003.006 | Пациентті өзіндік менеджментке оқыту: Жалпы практика дәрігері                                                  |
| 19.                                     | A01.003.007 | Әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде пациенттің отбасының әлеуметтік статусын бағалауы: Жалпы практика дәрігері |
| Зертханалық диагностика (білікті көмек) |             |                                                                                                                |
| 20.                                     | B02.061.002 | Қол әдісімен қандағы эритроциттердің шөгу жылдамдығын (ЭШЖ) Вестерген әдісімен өлшеу                           |
| 21.                                     | B03.864.003 | Экспресс әдісімен қандағы гемоглобинді анықтау                                                                 |
| 22.                                     | B03.865.003 | Экспресс әдісімен қандағы лейкоциттерді анықтау                                                                |
| 23.                                     | B03.867.003 | Экспресс әдісімен тропонинді анықтау                                                                           |
| 24.                                     | B03.868.003 | Экспресс әдісімен гликириленген гемоглобинді анықтау                                                           |
| 25.                                     | B03.869.003 | Экспресс әдісімен протромбиндік уақытта портативтік талдауышта МНО-ны анықтау                                  |
| 26.                                     | B06.672.012 | ABO жүйесінде стандартты сарысулармен қан тобын анықтау                                                        |
| 27.                                     | B06.673.012 | ABO жүйесі бойынша моноклоналдық реагенттермен стандартты сарысумен (целиклармен) қан тобын анықтау            |
| 28.                                     | B06.677.012 | Қандағы резус-факторды анықтау                                                                                 |
| Функциялық және аспаптық диагностика    |             |                                                                                                                |
| 29.                                     | C02.001.000 | Электрокардиографиялық зерттеу (12 жалғамдық)                                                                  |
| 30.                                     | C02.033.000 | Автоматтандырылған аппараттарда жазу кезіндегі спирография                                                     |
| 31.                                     | C02.048.000 | Динамометрия                                                                                                   |
| 32.                                     | C02.054.000 | Пульсоксиметрия                                                                                                |

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2019 жылғы 29 тамыздағы  
№ ҚР ДСМ-122 бұйрығына  
3-қосымша  
Медициналық-санитариялық  
алғашқы көмек көрсету  
қағидаларына  
3-қосымша

## Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарының әлеуметтік қызметкері және тартылған психолог қызметтерінің тізбесі

| № р /с | Қызметтердің коды | Қызметтердің атауы                                                                    |
|--------|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
|        |                   | Психологтың қызметтері                                                                |
| 1.     | A01.005.000       | Қабылдау: Психолог                                                                    |
| 2.     | A01.005.001       | Бала суицидін профилактикасы бойынша сабақтар өткізу: Психолог                        |
| 3.     | A01.005.002       | Мінез-құлық және психикалық белсенді бұзылуларға күдіктенген кезде қабылдау: Психолог |
|        |                   |                                                                                       |

|     |             |                                                                                                                                          |
|-----|-------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4.  | A01.005.003 | Әлеуметтік мәселелер бойынша, оның ішінде жастық бейімделу мәселелері бойынша консультация беру: Психолог                                |
| 5.  | A01.005.004 | Ұйымдастырылған ұжымдардағы балаларды қабылдау: Психолог                                                                                 |
| 6.  | A01.005.005 | Жастар денсаулық орталығында қабылдау: Психолог                                                                                          |
| 7.  | A01.005.009 | Созылмалы аурулармен ауыратын пациентті өзіндік менеджментке үйрету: Психолог                                                            |
| 8.  | A01.005.010 | Актив: Психолог                                                                                                                          |
| 9.  | A01.006.000 | Қабылдау: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер                                                                                         |
| 10. | A01.006.001 | Медициналық-әлеуметтік зерттеп-қарауды ұйымдастыру және өткізу: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер                                   |
| 11. | A01.006.002 | Пациенттің отбасы мүшелерін үй жағдайында өткізілетін медициналық күтім жасау негіздеріне үйрету: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер |
| 12. | A01.006.003 | Әлеуметтік мәселелер бойынша, оның ішінде жастық бейімделеу бойынша консультация беру: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер            |
| 13. | A01.006.004 | Үйге шақырту: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер                                                                                     |
| 14. | A01.006.005 | Актив: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер                                                                                            |
| 15. | A01.007.000 | Қабылдау: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер                                                                                           |
| 16. | A01.007.001 | Медициналық-әлеуметтік зерттеп-ұйымдастыру және жүргізу: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер                                            |
| 17. | A01.007.002 | Пациенттің отбасы мүшелерін үй жағдайында өткізілетін медициналық күтім жасау негіздеріне үйрету: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер   |
| 18. | A01.007.003 | Әлеуметтік мәселелер бойынша, оның ішінде жастық бейімделеу бойынша консультация беру: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер              |
| 19. | A01.007.004 | Үйге шақырту: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер                                                                                       |
| 20. | A01.006.005 | Актив: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер                                                                                              |

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2019 жылғы 29 тамыздағы  
№ ҚР ДСМ-122 бұйрығына  
4-қосымша  
Медициналық-санитариялық  
алғашқы көмек көрсету  
қағидаларына  
4-қосымша

## Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына жүгіну себептері

| № р/р | Жүгіну себептерінің тобы | Жүгіну себептерінің атауы                             |
|-------|--------------------------|-------------------------------------------------------|
| 1     | Ауруы                    | Жіті аурулар (жай-күйі)/ Созылмалы аурулардың асқынуы |
|       |                          | Әлеуметтік мәні бар ауруға күдіктенгенде              |
|       |                          | Ауруы бойынша қашықтықтан консультация беру           |
|       |                          | Актив                                                 |
|       |                          | Медициналық реабилитация (3 деңгей)                   |
|       |                          | Стоматологиялық көмек                                 |
| 2     |                          | Жіті жарақат (Травмпункт, АЕҰ)                        |

|   |                                  |                                                                                                          |
|---|----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   | Жарақат                          | Жарақаттың салдары (АЕҰ)                                                                                 |
| 3 | Профилактика                     | Профилактикалау мақсатындағы жүгіну (скринингтен басқа)                                                  |
|   |                                  | Иммунопрофилактика                                                                                       |
|   |                                  | Скрининг (профилактикалық қарау)                                                                         |
|   |                                  | Патронаж                                                                                                 |
|   |                                  | Отбасын жоспарлау, жүктілікті қауіпсіз ұзу, ұрпақты болу денсаулығын сақтау мәселелері бойынша қызметтер |
|   |                                  | Антенатальді байқау кезінде қабылдау                                                                     |
|   |                                  | Постнатальді байқау кезінде қабылдау                                                                     |
|   |                                  | Білім алушылардың денсаулығын сақтау бойынша қызметтер (мектеп медицинасы)                               |
